

1-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Халықтың ұдайы өсіп-өнуі дегеніміз не?
2. Ұдайы өсіп-өнудің 1-типінің ерекшелігі неде және ол қандай елдерге тән?
3. Ұдайы өсіп-өнудің 1-типінің салдары қандай?
4. Ұдайы өсіп-өнудің 2-типінің салдары қандай?

Халықтың ұдайы өсіп-өну типтері

Дүниежүзі халқының саны *өсіп-өну* немесе *табиғи өсімге* тәуелді.

Халық санының динамикасына халықтың өсіп-өнуі әсер етеді. *Халықтың ұдайы өсіп-өнуі* – бұл туу мен өлімнің қатынасы, олар адамзат ұрпақтарының ауысымын қамтамасыз етеді. Туу мен өлім 1000 адамға шаққандағы көрсеткішпен анықталады.

Туу мен өлімнің арасындағы айырмашылықты **табиғи өсім** деп атайды, ол оң немесе теріс болуы мүмкін. Табиғи өсімге – денсаулық сақтаудың даму деңгейі, әл-ауқаты (благополучие) мен мәдениеті деңгейі, өмір сүру салты, ұлттық және діни салт-дәстүрлер әсер етеді.

Табиғи өсімнің дүниежүзілік орташа көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 17 адам болып табылады. Әр түрлі елдер мен дүниежүзі аймақтарында ол бірдей емес (Нигерия, Того, Кенияға табиғи өсімнің жоғарғы дәрежесі (30-дан астам) тән, ал Грузия, Румыния, Германия, Ресейде табиғи өсім теріс мәнге ие).

Ұдайы өсіп-өну типтері. Шартты түрде табиғи өсімнің екі типін ажыратады, олар экономикалық дамыған және дамушы елдерге сәйкес келеді.

Халықтың өсіп-өнуінің 1-типі – оған туудың, өлімнің және табиғи өсімнің төменгі деңгейі тән. Ол Еуропа, Солтүстік Америка мен Аустралияның дамыған елдеріне тән, себебі, бұл елдерде некеге түсу жасы жоғары, себебі адамдардың білім алуын аяқтау ұзаққа созылады және отбасын құру үшін материалдық базасын құруға көп уақыт кетеді. Сонымен бірге мұнда нәрестелердің өлім деңгейі өте төмен, ол бала тууды азайтады, себебі барлық балалар ересек жасқа дейін жетеді. Бала күтіміне, оның білімі мен тәрбиесіне кететін шығын өседі. Урбанизация (қала халқының өсуі) өсуі жүреді және адамдардың жеке бостандыққа және карьералық өсімге ұмтылады. Экономикалық дамыған елдерде халықтың материалдық және мәдени сұраныстары жоғарылайды.

Халықтың өсіп-өнуінің 1-типінің негізгі демографиялық салдарлары, ол ұлттың қартаюуы және демографиялық кризис немесе депопуляция. Халықтың қартаюуы – 60 жастан жоғары адамдар санының артуы мен 15 жасқа дейінгі балалар санының азаюуы.

Демографиялық кризис (демографиялық «қыс») – халық санының азаюуы, ол табиғи өсімнің теріс мәніне байланысты.

Дамушы елдерге халықтың өсіп-өнуінің 2-типі тән. Бұл типке туудың жоғары деңгейі, салыстырмалы түрде өлімнің төменгі деңгейі және жоғарғы табиғи өсім тән болады. Халықтың өсіп өнуінің бұл типі Африка, Латын Америкасы, Азия елдеріне тән.

Сақталып жатқан туудың жоғарғы деңгейі отбасының экономикалық қажеттіліктерімен түсіндіріледі, себебі аграрлы экономика қол еңбегіне тәуелді, сондықтан балалар қосымша жұмыс күші болып табылады.

Өлімнің деңгейі екі есеге төмендеді, ол өмір сүру сапасының жоғарылауымен емес, халықтың жаппай вакцинациясымен түсіндіріледі. Ол демографиялық жарылысқа, яғни халық санының табиғи өсімнің жоғары дәрежесіне байланысты жедел қарқынмен өсуіне әкеп соқтырды.

Екінші процесс ол халықтың жасарууы, дамушы елдердің халық құрамының $\frac{1}{3}$ бөлігін балалар алып жатыр.

Дамушы елдерде экономиканың дамуы, өмір сүру салтының өзгеруі туу, өлім және табиғи өсім деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

Қолданылған сілтеме:

1. http://www.geosfera.info/publ/ehkonomicheskaja_geografija/geografija_naselenija_mira/chislennost_na_selenija_mira_estestvennyj_prirost_i_tipy_vosproizvodstva_naselenija/28-1-0-96

2 –тапсырма. Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Жастық-жыныстық пирамиданың маңызы неде?
2. Халықтың жас құрамы қандай топтарға бөлінеді?
3. Жастық-жыныстық пирамидалар қандай типтерге бөлінеді? Олардың ерекшеліктері қандай? Пирамидалардың пішіндері қандай болады?
4. Халықтың жастық-жыныстық өзгеру себептерін анықтап, түсіндіріңіз.
5. Жастық-жыныстық пирамида нені сипаттайды?

Тақырып: Жастық-жыныстық пирамидалар.

Халықтың жастық-жыныстық құрамы өте маңызды, себебі белгілі бір аумақтағы тұрғындарды жас бойынша топтастыру нәтижесінде халықтың өсіміне және оның болашақта еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілу мүмкіндігіне болжам жасауға болады. Демографтар халықтың жас құрамын анықтауда 0-14 жас, 15-59 жас және 60-жастан әрі топтарына ажыратады. Соңғы уақытта халықтың қартаюы, яғни егде адамдар үлесінің артуы байқалуда. Бұған әр жылдағы орташа жасты көрсететін есептеулер дәлел бола алады. БҰҰ мәліметтері бойынша 1970 жылы бұл көрсеткіш 21,6 жас болса, 2000 жылы 26,5 жас, ал 2050 жылғы болжам бойынша 36,5 жас болатын көрінеді.

Жыныстық құрамын сипаттау үшін ерлер мен әйелдердің халықтың жалпы санындағы үлес көрсеткіші пайдаланады. Дүние жүзі бойынша ер адамдар саны әйелдерден шамамен 51 млн адамға көп. Халықтың жастық –жыныстық құрамын сызба түрінде бейнелеу үшін жастық-жыныстық пирамидалар пайдаланады.

Бұл сызбалардың елдегі туу деңгейінің төмендеген немесе артқан кезеңдерін, жыныстық құрамның арасалмағының жас топтары бойынша өзгерістерін айқын көруге болады. Жеке елдердегі демографиялық жағдайға, әлеуметтік-экономикалық себептерге жастық-жыныстық пирамидалардың пішіні әртүрлі болады.

Жастық-жыныстық пирамидалардың сипаттамалары: пирамиданың ұзына жас топтары, ал сол жағына әр жас тобына сәйкес келетін ерлер саны, оң жағында әйелдер саны келтіріледі. Пирамиданың қай жылдың мәліметтері негізінде құрастырылғаны міндетті түрде көрсетілуі қажет.

Қолданған көз деректер:

Ә. Бейсенова., География: дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері., Алматы: Мектеп, 2010.